

«...Жауына жекпе-жек»

Ұлы даламыздың тарихы-халқымыздың баға жетпес рухани байлығы. Кешегі алмағайын заманда елдігі мен жер тұтастығы үшін жан беріп, жан алысқан, қара бала қара қазанды қорғаған көкжал батырларымыздың жорықтарын тереңдеп таразылап, айшықтайтын кезең келді.

Кезінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» деп абыройымызды асқақтатқан.

Мемлекеттік хатшы М.Тәжиннің ҚР тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында «Өзінің өткенін ұмытатын қоғамды болашақта ұмытады... Ең нағыз бағыт-бағдар - өзіңнің ата-бабаңның кімдер болғанын, мынау тарих толқынында өзіміздің кім екенімізді білу және ұмытпау» деп атап өтті.

Қазір облысымызда аса құнды бастамаға облыс әкімі Бауыржан Әбдішевтің басшылығымен осы салада ірі-ірі маңызды шаралар жүзеге аса бастады.

Таяу арада облыстық мәслихат хатшысы Н.Дулатбеков және облыс әкімінің орынбасары Б.Жұмабековтің басқаруымен дөңгелек стол, ғалымдар, білім, мәдениет, мұрағат, мұражай саласының қызметкерлері қатысқан үлкен алқалы жиын болып, сын-пікірлер айтылып, алдағы атқарылар шаралар белгіленді. Сөз жоқ бұл қозғау үлкен жаңалықтар әкелуі тиіс.

Бүгінгі міндет - тарихи оқиғаларды, ұлы тұлғалар есімдерін айшықтау. Бұл салада кеткен қателіктер мен бұрмалаушылықтардан, өсек-аяндардан тазартып, өздерінің білімділіктері мен өжеттіктері, ерліктерімен таңқалдырған бабалар бейнесін, тарихи шындықты кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Ендеше от шайнап, қан түкірген батыр бабамыздың жанқиярлық ерлігі, көзсіз батырлығы үш ғасырдан астам ұрпақтан-ұрпаққа ел аузында аңыз болып келеді. Хапықтың сүйіспеншілігі арқасында Тағылы-Бұғылыдағы Құс-мұрын қойнауында Нұра өзенінің жағасындағы Айдаболұлы Дербісалы батыр атындағы елді мекен мәңгілік өмір сүруде.

Кешегі жер-су аттарына сұрқылтай болған орысотаршылдығы, «қызыл» империя үстемдік еткен заманда да, батырдың киесінен болар, өз атын сактап қалды. Жоңғар қалмақтарымен болған қанды қырғында тосқауыл болып, ел қорғаған, ақырғы ақиқат - соғыстың басты куәгері - қолбасшы Дербісалы батырға риза болған халық құрметіне осы маңға тұспа-тұс келетін жер-су аттарын: Қармыс. Құттыбай, Шопан, інісі. оққағары Шөндігеннің баласы» -

Торақбатыр бұлағы мен жазығы, немересінің атымен Оқтемір, Орынбайдың Ақтөбесі, Қашқынбай бұлағы, Барғананың «Үшқызыл» шілігі мен тауы, Қараш тауындағы Төкебайдың биігі мен бұлағы, Қаратоғанбай, Сартоғанбай таулары, «Қараштың» қыстағы тағы сол сияқты жер-су аттары батыр баба ұрпақтарының атымен аталған. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейді



да ара-кідік еститініміз «Дербісалы жаужүрек батыр, үнемі жекпе-жекке шығып отырған. Бір

шежіреші, тарихты көп білетін, халықтың ортасында беделді болған азамат. Содан болар

кекте дес бермеген,

екеуі таңқаларлық оқиғаға куә болған.

«Сайран» деген автобустың Н.Мартынов деген азамат жол үстінде Дербісалы батыр бабаның басына қатарласа келген кезде көлікті тоқтатып, жол жиегіне тізерлеп дұға жасаған. Жігіттер танданып мәнісін сұрағанда орыс азаматы «Это - целая история», - депті. Сондағы оның айтқан әңгімесінің мазмұны төмендегідей. Мартыновтың баласы ауған соғысына қатысқан, армиядан аман-есен келген соң, достарымен мотоциклге мініп, серуендеуге шыққан. Ащы суға тойып алған жастар батыр баба жатқан төбеде дем алып, сонда жатқан үйме кірпішке Мартыновтың баласы зәр сындырған. Жанындағы бір досы: «Мұнда киелі батыр баба жатыр» дегенге күле қараған. Алайда, сол жас жігіт үйіне келе құлаған, екі көзі алақтап, денесі дірілдеп, зәрі дұрыс жүрмей есінен танып ауырған. «Апармаған дәрігерім жоқ, ем қонбады», - дейді әкесі. Оқиғаның шет жағасына қаныққан әкесі үлкендердің айтуымен жанына молда алып, баба басына құрбандық шалып, құран оқытып, кешірім сұраған. Мартынов: «Балам көп ұзамай тәуір болды, содан бері осынау киелі жерге тоқтамай өтпеймін», - деп сөзін аяқтапты.

Сонымен қатар, кезінде Жаңаарқа, Шет аудандарында ауыл шаруашылығы саласында басшылық қызмет атқарған 90 жастағы Жағыпар Есембеков бүгінде Ақадыр кентінде тұрады. 1962-1963 жылдары Красная Полянада еңбек еткен. Сол ақсақал Красная Полянаға таяу өзен жағасында Төртауыл деген ауыл болғанын жақсы біледі екен. Қариялардың айтуы бойынша бір-біріне жақын орналасқан кішігірім қоныс тепкен үйлерді халық Төртауыл



атаған. Кейін оыстао Таотауыл деп атап кет-

Кешегі иегі асты болған Ұлы Отан соғысы тарихының езі әлі толық ашылмай жатыр емес пе? Дербісалы батырдың күні кешегі ізбасар ұрпақтары: немістерден шешуші айқаста Мәскеуді қорғаған Бауыржан, жау тылында атой салған Қасым, неміс фашизмінің ордасының маңдайшасына туды бірінші қадаған Рақымжан батыр ағаларымыз тарихтан дер уақытында лайықты бағасын ала алды ма, алған жоқ!

Ендеше, жазба емес, ертеде ауыз әдебиеті дамыған елге, осыдан 300 жылдан астам болып кеткен оқиғадан, «өзіне» қажетті жерде бір шалдың сөзін тарихқа айналдырып, қисынсыз жерде «мөр» басылған анықтама қағаз іздеп жүргендерге «халық айтса, қалт айтпайды» деген даналық сөзді зердеңе құй» дер едік. Бабалардың «Сөзді айтқанға сенбе, қисынына сен» деген даналық сөзі тағы бар екендігін ескерген жөн.

Айдаболұлы Дербісалы батырдың артында қалған батырлық аңыз-әңгімелері бір емес, бірнеше кітапқа арқау болатындай, еліміздің шұрайлы елді-мекендері өзінің ұрпақтарының аттарына берілуі, сонымен қатар, өлемді таң қалдырған Ұлы даланы қалың жаудан қорғаған, қолының табы қалған Алмас Қылыштың үш ғасыр бойы атадан-балаға мирас болып бүгінгі күнге жетуін-тарихтың алтын қоры деп бағалау керек.

Ертеректе үлкендер кешкі малды тосқанда ауыл маңындағы төбеде бас қосып, өткен-кеткен тарихты көп қозғайтын. Сондайда әкем Сүйіндік, Рақымжан, Амандық, Жақсыбек, Сары, Жүніс, Отыншының Серігі, Ілияс, Нілдібайдың Өлдебергені, Меде, Мұса, Аманжол, Шөменбайдың Сәкені, т.б. ақсақалдардың батыр баба жайында айтқан аңыз-әңгімелерін естіп өстік, олар мәңгі жадымызда.

Біз бүгінгі іс-шараның кейінгі ұрпаққа тәрбиелік мәніне баса назар аударуымыз керек. Бүгінгі қолдарыңызға тиіп отырған Айдаболұлы Дербісалы батыр туралы кітап, өткізіліп отырған іс-шара, ерлік рухтың теңізіне тамған бір тамшыдай болса, еңбегіміздің далаға кетпегені деп түсінуіміз керек.

Осынау қазақ халқының даңқты ұлы Дербісалы батырдың өміріне зерттеу жұмыстарын жүргізуді бастап, құнды-құнды пікір білдірген ғалымдарға: профессор, техника ғылымдарының докторы, Халықаралық техника ғылымдары Академиясының Бауман атындағы МЖТУ және Санкт-Петербург қаласы) корреспондент-мүшесі, осы салада Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Меккеге жаяу бес ай жүріп барған, Жаяуқажы Махаббат Рымқұл Түсіпбекке, филология

ғылымдарының докторы, профессор Мәуен

- Хамзин - филология. ғылымдарының докторы, профессор Мұхаммеддин Ілиясұлы Өбдуовке, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Мәдениет саласының үздігі, тарихшы, қаламгер М.Баймұхановқа, этнограф-жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері Төрехан Майбасқа. өлкетанушы. этноархеолог Темір-

атапған. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейді даналық сөз. Ең ғажәбы, халық сүйіспеншілігі арқасында батырдың қылышы сақталған, бұл некен-саяқ кездесетін оқиға. Бұл жәдігер ғасырдан-ғасырға, атадан балаға ең қастерлі, киелі дүние ретінде ауысып келеді. Қазір қылыш батырдың жетінші ұрпағы Елубектің үйінде тұр. Міне, нағыз шындық, міне, тірі - тарих!

2002 жылы Алматыда тұратын профессор, техника ғылымдарының докторы, Халықаралық техника ғылымдары академияларының (Мәскеудің Бауман атындағы ЖТУ және Санкт-Петербург қаласы) корреспондент-мүшесі, осы салада Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Махаббат Рымқұлұлы Түсіпбек батыр бабаның ұстаған қасиетті қылышын реставрациядан өткізді. Ғалымдар көмескі жазуды зерттей келе шығыс елінде шамамен 1700 жылдары жасалған деген пікір айтқан.

«Қолыңның табынан айналайын, ер бабам», - деп көзіне жас алып тәу еткен қарттарымызды көзіміз көрді.

Үш ғасыр бойы асыл жәдігерді көздің қарашығындай сақтап келген бабаларымызға мың да бір құрмет, мың да бір тағзым!

Ал Дербісапы батырдың ерлігі туралы аңыз-әңгімелер ұшан-теңіз. Ел аузында осыншама бай мұра қалдырған батырлар некен-саяқ, оған да тәубе дейміз!

Қазір жер-жерде қалталы байлар, жағымпаз «тарихшылар» шимай-шатпақтап «Аулына әкесінің, көшесіне көкесінің» атын бергізіп, немесе бергізем деп әбүйірсіз жұмыспен айналысуда.

Халық-таразы. Кімнің кім екенін тап басып, жазбай таниды. Әбден саралап алмай жар салмайтыны тағы бар.

Менің әкем, Жампейіс ұлы Сүйіндік, 1888 жылы туып, ғасырға жуық уақыт өмір сүрген адам. Жасынан серілік құрып, өмірі ел аралаумен өткен, көргені көп еді. Әкемізден жасымыз-

жекпе-жекте найза сынып, қарусыз қалғанда шауып келе жатып ат үстінен теректі ырғай жұлып, жауын ұрып құлатқан, жарты ғасыр аттан түспей қалмақпен айқасқан нағыз көкжал еді ғой» деп түйіндейтін.

1970 жылдары әкем «Көзімнің тірісінде батыр бабаның жатқан жерін көрсетейін, біліп жүріңдер» деп бәрімізді басына апарып, дұға жасап, аңыз-әңгімелерін тыңдаған едік. Сол әңгімелердің біразы кітапта кеңінен орын алып отыр.

Қысқаша шолуда Дербісалы батыр туралы біраз аңыз-әңгімелер газет беттерінде басылғанын ескеріп және кітапта кеңінен берілгендіктен, оған тоқтамай тарихи оқиғалардың бүгінгі күндегі жалғасын тауып жатқандығы туралы әңгімелегенді жөн көрдік.

1980 жылдары аудандық білім бөлімінде қатардағы қызмет атқарып жүргенде Красная Полянаға жол түсіп, сонда дәрігер болып істейтін Жоламан деген азаматтың (жолдасы менімен бірге оқыған) үйінде бір ақсақал адамға кездескен едім, есімі Кәрібай не Кәріғұл. Ертеде осында тұрып, Қарағандыға көшкен екен. Таныса келе «Қай баласың, елің кім?» деп сұрады. «Сарым, оның ішінде Дербісалымын» деуім мұң екен, «Е, батырдың ұрпағы екенсің ғой, жарықтық нағыз жаужүрек болған ғой, өттең соны жинақтап жазатын ешкімнің жоғын-ай», - деді. Аздан соң «бір әумесерлер батырдың киесіне ұшырап, далада қалып, кейін батыр баба басына барып дұға оқып, кешірім сұраған еді» деді ойлана. Түс ауа қария жол бастап, жедел жәрдем мәшинесімен батыр баба басына Жоламан үшеуіміз барып, дұға жасадық.

Ол оқиға мазмұны төмендегідей еді.

80-ші жылдары Қаңтарбеков Елемес атты азамат Красная Полянада жанар-жағар май босатушы болып қызмет атқарған. Сөзге шешен,

сол кездегі Жезқазған облаткомының төрағасы Қамза Жұмабеков іс-сапарда осы үйге жиі ат басын тірейтін. Сол Елемес Қаңтарбековтің айтқан әңгімесіне куәгер Дебекең ұрпағы Төлепберген Әбеуов бүгінде аудандық мұрағат басшысы, сол жылдары осы шауашылықта партком хатшысы болып қызмет атқарған.

Бірде Қаңтарбеков Елемес бар, үш-төрт жігіт Жарықтан ұн әкеле жатады. Былай шыға «көңіл көтеріп алған» әлгілер Дербісалы баба басынан қатарласа өткенде, ақынсымақ біреуі «Дербісал, Дербісалды керіп сал» деп салады. Ауызды жиғанша болған жоқ, - дейді Елемес, машинаның үш дөңгелегі бірдей атылып кетті. Күздің қара суығы, ол кезде ағылған көлік жоқ. Иен далада екі күн жаттық, ұнды суға шылап жүрек жалғадық. Екі күннен кейін көмек келіп, зорға қайттық. Кейін тәубемізге келіп, батыр бабаның басына мал шалып, дұға жасағанымыз бар.

«Дербісалы батырдың батырлығы өз алдына, әулиелігі бар» деп үлкендер айтушы еді, көзіміз талай жетті.

Ертеректе орыстар мазардың кірпішін бұзау қора салуға пайдаланып, ол құлап бұзауларды басып қалыпты, оны қаласа қайта құлаған. Үлкендердің айтуымен кірпіш сынықтарын қайтадан мазар басына әкелген. Содан бастап жұртшылық бір-біріне «Дебекең басынан өткенде тоқтап, дұға жасамай өтпейдер» деп жиі айтады екен.

Сол жылдары Красная Поляна орта мектебіне бөлімшелерден жоғары класс оқушылары тасымалданып оқытылды.

Сол кезде Пикет (Бекет) негізгі мектебінің директоры болып Балмағанбет Алтығаринов деген азамат қызмет еткен. Бірде аудандық білім бөлімінің қызметкері Ойрат Асылбеков іс-сапарға барғанда Алтығаринов Балмағанбет

кен.

Жағыпар ақсақал Дербісалы батырдың басында бірнеше рет болған, аңыз-әңгімелердің бәрінен хабардар, өткен-кеткенде дұға оқып, басына барып жүрдік деп әңгімелейді.

Дербісалы батыр кесенесінің батысында Құсмұрын тауының қойнауында «Алшын қыстағы» деген атпен танымал ескі жұрт бар. Сол жерде Қабылда, Қасым деген ақсақалдар бабалары мекендеген, кейін Ақшоқы аулында тұрған. Бүгінде сол Красная Поляна ауылының мектеп директоры, ұрпағы, Дәлелбек Хасенов: «Ақсақалдар Дербісалы батырдың аңыз-әңгімелерін кейінге дейін ұзақ әңгімелейтін. Ол маңнан өткенде батыр басына дұға оқымай қайтпаушы едік, аруағы қолдап-қорғап өніп-өспік қой» деп отыратын.

Құсмұрынның күнгей жақ беті, қарасаң көз тоймайтын сұлулық, биік-биік тау шыңдары, құздан құлаған арнасы ағынды өзен бастамасы, бес-он шақырымдық үлкен алаң бар.

Дербісалы батыр бірде ұзақ ұрыста ірі жеңіске жетіп қалып қолымен осы әсем жерге 1-2 күн аялдаған. Тыныққан соң, өз батырлары арасында соғыс өнерінен сайыс өткізген, бұл батырдың әдеті екен. Дебекеңнің екі мықты батырлары ортаға шығып сайысқан, сонда бірінің найзасы сынған. Ел аузында сол алаң «Найза» аталған, кейін совет үкіметі тұсында бұл маңда негізгі дені орыстар тұрған, олар жерді «Найза» деп атап кеткен. Осыдан 6 жыл бұрын сол жерде шаруа қожалығын құрған Ақсу-Аюлы тұрғыны Қуаныш Сабырұлы ел аузындағы осынау дерекке қанығып, соны негізге ала отырып жеке шаруашылығын «Найза» деп тарихи атауымен атап, бүгінде табысты еңбек етіп келеді. Бізге бұл оқиға кейіннен ғана белгілі болды.

Кей-кейде «Ойбай, ана батыр туралы мәлімет аз, жоқтың қасы, бөлен екен, түген екен» деп жатамыз.

ғали Аршабековке, аңыз-әңгімелеудің негізгі денін жинақтаған Ғалым Мұсатайға, әкеміз орнындағы Жақсыбек ұрпағы Социал, Төлеуқадыр ағаларымызға, қазақтың ақиық ақыны, жыр дүлдүлі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Серік Ақсұңқарұлына, батырға дастан арнаған талантты ақын Бақтыбай Аманжоловқа, ұлы тұлға Дербісалы батыр туралы кітапты құрастырушы тау тұлғалы, Мұса қажы Өрінұлына, осы шараға барынша қолдау көрсеткен аудан әкімі Р.Қалиақбарұлына, мәслихат хатшысы Ө.Смағұловқа, спорт түрлеріне демеушілік көрсеткен Отыншының Серігінің немересі Қуан Балғанұлына, атақты Сембай жылқышының немересі Жамбылға, Амандықтың немересі Балқашбай баласы Мейрамға тағы да басқа атсалысқан азаматтарымызға ұрпақтары атынан басымызды иіп, рахметімізді айтамыз. Сіздерге Апланың нұры жауып, отбасыларыңызға береке-бірлік, бақыт әкелсін деп тілейміз.

Өздеріңізге белгілі баба ұрпақтары 1987 жылы батырдың басына белгі қойып, қоршады, ал 2008 жылы батыр баба басына құран оқытып, арнайы зәулім кесене тұрғызды.

Оның көктасына:

...Жауына жекпе-жекте дес бермеген,

Дебем-ай, жолбарыс ең сескенбеген!-деген ел аузындағы жыр жолдары мәңгілік ұрандай, өшпестей болып қашалып жазылды.

Бүгінгі біздер өзімізді бақытты санауымыз керек, өйткені айбынды Айдаболұлы Дербісалы батырдың кесенесін көтеріп, кітабын шығарып, құран оқытып ас беру мәртебесі бүгінгі ұрпақтың маңдайына жазылған екен.

Зәрубай СҮЙІНДІҚҰЛЫ,
ақын, күйші-сазгер, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.